

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DFDR9992>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HKKZ1053>**\*Ш. Ж. Трушева<sup>1</sup>, А. К. Трушев<sup>2</sup>, Ә. А. Трушев<sup>3</sup>**<sup>1,2,3</sup>Торайгыров университетті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **МӘШҲҮР-ЖҮСІПТІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ**

*Мәшһүр-Жүсіптің әлемдік тілдік бейнесі әлі толық ашылып болған жоқ. Демек, ақынның шығармашылығын антропологиялық тұрғыда зерттеу күнқұрғатпайтын міндет. Философтар – Гегель, Фейрбах, Гулыга т.б. антропоцентрилік (антропоэцентрик) мәселелерге философиялық тұрғыдан келген. Тұлғатану ол – Мәшһүр-Жүсіптің ұлттық болмысын жете зерттеу арқылы ғана ашылады. Ол үшін қоғам – табиғат – адам байланысы оның ішінде адамдардың қарым-қатынасы, сыртқы қоршаған ортаны танып білу (таным) тіл арқылы жүзеге асады. Ұлттық мінез дегеніміз белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән, өзгеше мінез-құлықтарының жиынтығы емес, жалпы адамзаттың мінез-құлықтардың өзгеше әмбебап жиынтығы екендігін ғалымдар айтып жүр. Кей жағдайда, әлемнің тілдік бейнесін де тұлға арқылы ашуға болатыны көрінді. Осы орайда, Мәшһүр-Жүсіптің 20 томдық шығармалар жинағы арқылы жалпы түркі, шығыс, орыс-еуропа мәдени-рухани байланысын тануға да әбден болады. Сол арқылы әлемнің рухани мәдениетіне де жол ашылатыны байқалады. әл-Фараби шешендік өнерді философияның құрамында қарастыруы тегіннен-тегін емес. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөздер, риторикалық өнері – Ұлы Даланың есте жоқ ескі заманнан жеткен ауызша мәтіннің хатқа түскен мәтіні, ұлттық коды. Айталық ым тілі, тұспал сөз, диалог сөз, дала соты лингвистикасы, жұмбақ сөз, жарыс сөз, сөз сұрау, дат айту (адамның дүниеге келгеннен, өлік жөнелту) лексикасы ұлттың расында да мінез-құлқын нақты көрсете алады.*

*Кілтімі сөздер: антропология, мінез-құлық, сөз өнері, тұлға, ұлттық мәдениет, ым тілдері, дискурс, даугер, талапкер.*

### **Кіріспе**

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында шешендік сөздер өте көп жиналған. Шешендік сөздер ауызша да, кейін жазбаша да жетті. Мәшһүр-Жүсіп

шешендік сөздерді жинап, көшіріп алушы ғана емес, сол дүниенің қағазға түсірген жанама авторы да болып табылады. Әрине, қазақтың шешендік сөздері туралы кітаптар да, зерттеулер де баршылық. Сол шешендік сөздердің кейбір нұсқасын, Мәшһүр-Жүсіп жинағынан да ұшыратамыз. Шешендік сөздерде – көбіне қазақ халқының, тіпті көрші елдердің шешендерімен дау-айтыстар кездеседі. Шешендік сөздерде – еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін дискурсқа қатысады. Шешендік сөздерде гендерлік мәселелер де қамтылған. Шешендік сөздердің арнайы дайын сценарийі болмаған. Шешендік сөздер – сөз құдіретінің жинағы. Осы тұрғыдан келгенде талдауға түскен тілдік деректер Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасын, одан кейін әлемдік тілдік бейнесін толықтай ашып, танытуға болады деп ойлаймыз. Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасын әлемдік тұрғыда зерттеу күнкүрәтпейтін міндет деп білеміз.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу нысаны бойынша ғылыми бағыттағы нақты әдебиеттер қарастырылды. Кейбір ғылыми мақаланың мәнін ашатындай қағидаларға сілтемелер жасалды. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің тілдік бейнесін ашатындай ғылыми-теориялық тұжырымдардың негіздемесі жасалды деп ойлаймыз. Шешендік дискурсты зерттеу арқылы қазақ даласындағы шешендік институттың ақын шығармаларында анық көрініс тапқанына көз жеткіздік. Бұл орайда, тақырыпты ашу мақсатында салыстырмалы әдістер арқылы алынған материалдарды екшеу, қорытындылау, сипаттау т.б. көп нәтиже берді. Деректерді өңдеу, оны ғылыми қалыпқа салып жазып шығу төмендегідей нәтижелер берді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Д. Раев: «Қазақ шешендігіндегі «кәміл адам» концепциясын» – деген тарауда: «Кәміл адам» мәселесінің қазақтың дәстүрлі мәдениетінде және шешендік мәдениетте қалай қарастырады дегенге: – Абсолюттік тұрғыдан алғанда микрокосм ретінде адамға жаратылысынан кәмілділіктің берілмеуі, адамның әуел бастан кәміл емес жаратылыс болуы. – Адамның жер бетіне түсірілген тірі жаратылыстармен салыстырғанда және тектік бастама тұрғысынан алғанда салыстырмалы түрде біршама кемел жаратылыс болуы. Адамда әлем шындығының көп жақтары жинақталған, барлық реалдылық тоғысқан. – Адамның саналы бүтін ретіндегі жаратылу мақсаты, «Инсан» ретіндегі тағайындалу табиғаты, оған кемелдену міндетін жүктейді, қажеттігін туғызады, мүмкіндігі мен қабілеті беріледі. – Адам біршама автономиялы жаратылыс. Оған белсенді әрекет ету қабілеті берілген, демек оның біршама тіршілікті, рационалды жаратылыс болуы. – Адамзат баласына өмір құрылысына, өмір сүру векторына қанағаттанбау мүмкіндігі де берілген. Сондықтан оған рухани бостандық тән қасиетте. Адамға «нонконформистік»

қасиет тән, яғни ол адамның «еркін ойға қабілеттілігін» білдіреді. – Адамзаты үшін кәмілділіктің үлгісі (идеалы) бар – ол Жаратушы Абсолют әрі ол – физикалық әлемінде емес – метафизикалық кеңістікте – Трансценденттік құбылыс болуы. – Адамның оптимистік қасиетінің болуы, яғни кемелділікке ұмтылыс та адамға табиғатынан берілетін атрибут. Мінездің кәміл үлгісін таңдау құқы адамға берілген қасиет. – Жоғарыда көрсетілген методологиялық пирамида, сайып келгенде адам «Меніне» тұйықталады, яғни кемелдену, «кәміл адам» тұғырнамасы оның өз «Меніне» тәуелді болады. Демек, біздің көзқарасымыз бойынша, «кәміл инсан» концепциясы антропоцентристік сипат алатын құбылыс – дейді [1, 184–185 б.]. Немесе, «Кәміл адам» концепциясындағы мистикалық үрдістің тағы бір өзіндік ерекшелгі – рухани жетілуді «Құдай-Әлем-Адам» кеңістігі шеңберінде қарастырылуы – дейді Д. Раев. Демек, Абай да, Мәшһүр-Жүсіп те адамзат үшін кәмілділіктің үлгісі (идеалы) бар – ол Жаратушы Абсолютті Алланы басшылыққа алғаны сөссіз. Әл-Фарабидің айтуынша, азаматтық ғылым – адамды «кәміл инсан» болу мақсатына алып баратын жолдарды зерттеп қарастырады. Сондықтан да Абай Құнанбаев «толық адам»: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреу жарытпайды, Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек... десе, Мәшһүр-Жүсіп «түгел адам» тұрпатын ұсынған: Байғыздай өзіңді-өзің жұрттан қашыр, Ішінді аш қып, үніңді асыр. Түгел адам болуға талап қылсаң, Шала-шарпы жандардан сырынды жасыр! – деген. Д. Раевтың: «Әлем кәмілділігі адам кәмілдірілігімен өлшенеді» – деген пікіріне толықтай қосыла отырып мына сөздердің мағынасын ашқанды жөн көрдік: Инсан – а. [айсан-А.Қ. инсан: человек] – человек. Кәміл – а. [камл – А.Қ. кәміл: 1. польный, целый; 2. совершенный, законченный] – 1. вполне, в самом деле. 2. рел. совершенный [2, 128, 130 б.]. Д. Раев: «Кәміл адам» концепциясының тағы бір қыры – адамның тіл тектілігі моделінен байқауға болады. Қазақ мәдениетінде тіл – адамға берілген ұлы құндылықтардың бірі ретінде мойындалады. Тіл – адамның кемелдену құралы, оның көріну формасы – дейді [3, 191 б.]. Б. И. Нұрдәулетова: Тілді ойлаумен байланысты талдау барысында лингвистер, сондай-ақ философтар да дүниені танудың екі түрлі тұрпатын ұсынады: 1. дүниенің (ғаламның) бейнесі; 2. дүниенің (ғаламның) концептуалдық бейнесі; «Тіл және ғалам бейнесі» туралы мәселе адамның дүниетанымын қалыптастыруға тілдің қатысын қарастыра отырып, зерттеудің екінші ракурсын да қамтиды, оның мәні – тіл лингвистиканың, семиотиканың, философияның, теологияның, мифологияның, фольклордың, өнердің, поэтиканың, дағдылы (кәдімгі) сананың көзімен қалай бейнелейтінін анықтауға байланысты», – деген [4, 151 б.]. Демек, Алла хикметті Мәшһүр-Жүсіпке молынан берген. Ол ақыл, парасат иесі ретінде кәмілділікке ұмтылған. Сондықтан да Мәшһүр-

Жүсіп шығармаларындағы шешендік өнерді тілдік және ғаламдың тұрғыда зерттеудің маңыздылығы зор. Біз сөз қылғалы отырған Мәшһүр-Жүсіпке тән қасиет ол – даралық. Даралық қасиетін айқындайтын ол – Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұрпаты. Оның ішінде шешендік өнері де болып табылады. Әрине, бұл орайда қазақ арасына кеңінен тараған «шешендік сөздерге» ден қойып, арнайы зерттеу объектісі етіп қосып аламыз. Оның өзіндік себебі де жоқ емес, Мәшһүр-Жүсіп жинаған шешендік сөздердің кейбірі өзгеше нұсқасымен «шешендік сөздер» кітабында да ұшырасады. Мазмұны мен мәні бір, бірақ та мәтін ішіндегі кісі аттары, сөз қолданысы, орыны өзгеріске ұшыраған күйінде кездеседі. Тілдік тұлға. Өзінің күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам, оның тілі арқылы танылатын бейне [5, 305 б.]. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөз (тіл) арқылы әлемнің (түркі, қазақ) елінің) тілдік бейнесін танимыз. Бұл – шешендік сөздер ауызекі тілде ауыздан ауызға (ауызша мәтін) арқылы жеткен. Кейіннен қағаз бетіне түскен. Ұлы Даланың ең біріншіден, риторикалық өнердің қас шеберлерінің сөзбе сөз айтысын көрсетсе, екіншіден, мінез - құлқын, ешкімге ұқсамайтын құқық ережелерін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын т.б. қысқаша айтқанда қазақ өмір сүріп отырған органы, оны қоршап тұрған әлемнің (тау-тас, аң-құс, өсімдік-шөп, су-өзен, мал-егін шаруашылығы т.б.) осы додада шынайы әлемдік бейнесі анық көрінеді. Шешендік өнерге түсетін адам арнаулы дайындықтан өткен, ұтқыр, ойлы сөзімен және тез-шапшаң сөз тауып, қолма-қол терең ойлы жауап беретін, асы қабілетті, дарынды, дала заңына жүйірік және дара жан болған. Шешендер қазақтың әр аймағының өзіне тән салты мен әдет-ғұрыпын ерекшеліктерімен жақсы хабардар болған. Олар «ұзын құлақ» сымсыз телефон арқылы – шетелдердің (көрші елдердің) де хал-ахуалын біліп отырған, хабардар болған. Оның энциклопедиялық біліміне жай адам таласа алмаған. Ал өз елінің, әсіресе басқаның да (қазақ ішілік ауылдар т.б.) шежіресін, тарихын өте жақсы білген. Шешендік дауға түсетін адамға кіршіксіз, міні жоқ талабы қойылған. Шешен адам өткен-кеткен тарихты біліп қана қоймаған, есте сақтау қабілеті жадысы да күшті болған. Жалпы, халық: би, шешен – деген эпитетті – лақап атты, жылдар бойы көзге түскен, аса дарынды кісіге ғана қосқан. Бұл атақтарды еліне, қазақ халқына қызмет етіп қана алған. Былай бір – екі ауыз сөз біледі екен деп, кім көрінгенге, көлденең көк аттыға үлестіре бермеген. Халықтың сүйіспеншілігімен алған. Шешен сөзінің мағынасы туралы: Қазақтар қолданатын «шешен» сөзінің түп төркіні – дана, ақылды деген мағынаны білдіреді. Бұл көне монғол сөзі, ерте заманда да дәп қазіргі қазақтар

қолданылып жүрген мағынада, аз ғана дыбыстық өзгерісте айтылғанын жазған [6, 119 б.]. Би сөзі: Түркілердің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Би – бектен, бек-бүюктен» қысқарған атаулар. «Бүюк – үлкен, зор» мағынасында айтылған [7, 87 б.]. Би-сөзінің этимологиясы біздің монографияда талданғанын айтып өтуге тиістіміз. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында дүниенің тылсым сырларынан бастап, ұтқыр сөз, ойлы сөз, ым сөз, жұмбақ сөз, сот сөзі, кесім сөз, құпия сөз, сандық құпия сөз, тұспал сөз, заттың көмегі, демеуі арқылы сөйленетін сөз т.б. түрлері кездеседі. Шешендік сөздер ұлттық мәдениеті тұтастай, барлығын (көзге көрінетін, көрінбейтін) қамтып алмағанымен, біршама толықтау суретін танытып, сипаттап беретіні анық. Шешендік өнер бізді шынайы өткен ғасырға жақындатады. Қазақ кім әділетсіз болса соған басын имейтін және де қазақтың қанынан құл болып, күң болып көрмеген даланың мінезін, жүген құрық тимеген асау, қас тұлпардың мінезін көресің. С.М. Артюнян ұлттық мінезге «ұлттың тарихи дамуының ерекшелігімен, материалдық өмір ықпалымен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрінетін ұлттық әдеттер мен эмоциялардың өзгеше ұлттық көрінісі (С. М. Артюнян. *Нация и ее психический склад*. Краснодар, 1966, 31 б. Н. А. Ерофеев. *Туманный Альбион*. Англия и англичане глазами русских. 1825–1853. М., 1982, 16 б.) [8, 169 б.]. Тер-Минасова кең тараған пікірлерге сүйенсек, ұлттың мінез дегенеміз – белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән, өзгеше мінез-құлықтардың жиынтығы емес, жалпыадамзаттың мінез-құлықтарының өзгеше әмбебап жиынтығы – екендігін жазады. Расын да Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында және қазақ даласындағы билер мен шешендердің, ғұламалардың, сұлтандардың, даналардың, ақын-жыраулардың – қалдырған ауызша тараған рухани құндылықтарында, көне түркі жазба мұраларындағы сақталған тілдік деректерде (дала мінезін) ашатын осындай асы құнды мәліметтер дала мәдениетін тануға мүмкіндік беретіні сөзсіз екені белгілі болды. Ол тілдік деректер түркі-қазақ елінің материалды және материалды емес (рухани) мәдени өмірінен де сыр беретіні байқалды. Демек, бұл-дереккөздер бір ғана кісінің тұрпатын көрсетпейді, соған қатысқан айналасындағы материалды (сөзді басқа қосымша үстеме зат арқылы таныта білу: камшы, домбыра, найза, қылыш т.б. арқылы, қыздар сәукеле, әйелдер қарқара киген, қызға сырға тағу т.б.). С.Әлісжан автор бейнесі туралы айта отырып, кітабында келтірген Р. Г. Букейханованың пікіріне біз де сүйенеміз: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэктік бағыттың белең алуымен орай «автор бейнесі» ұғымы «тілдік тұлға» ұғымына ұласып отыр. Бұл ұғым екі мәселенің басын қосады: тіл және адам (тұлға), тілдік бірліктер мен оған адамның қатысын көрсетеді. Тіл біліміндегі антропоэктік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады» [5, 40 б.], [9, 81 б.]. А.Байтұрсынов

айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздерді – билік шешен сөзі деп айтқанын жоғарыда жаздық. Сотта билік айтушы айыптаушы куә ретінде сөзге тартылған. Билікті айтушы заңға жүйірік, білімді адам болған. Айыпкердің мінез-құлқы, көңіл-күйі, сот кезіндегі өзін-өзі ұстауы мәтінде анықтау әрине қиын. Мырзаханова: Замануи сот процессінде айыпталушының мінез-құлқында, көңіл-күйінде мынандай төмендегідей өзгерістер болатынын: Адасушылық маниясы – көңіл көтеріңкі, байланыссыз сөздер мен әрекеттерге толы болуы. Эйфория – көңіл – күйі жоғары болу, бірінші кезекте қанағаттандырылған, қамтамасыз етілген сияқты сезіну, пассивті келеді. Тойымсыздыққа, мастыққа, жыныстық эксцестерге деген көңілі төмен келеді. Рауш – мания – сананың жеңіл өзгерумен көңілі – күйдің көтеріңкі келуі. Мориа – көңіл-күйді көтеріңкі, орынсыз айтылған сөздері, әзілдері жас балаға ұқсас, интеллектуалды ойының төмендігі анық байқалады – дейді [10, 61 б.]. Морианың кейбір нышандары айтылған ойдың тым төмендігі, адресанттың дағдылы ой-өрісіне тең емес сөздерді қолданылуы, ойланбай сөйлеп опық жеген мысалдар тобы шешендік сөздерде, Мәшһүр-Жүсіптің жазып алған шешендік сөздерде де кездеседі.

### **Қорытынды**

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармалар жинағында (фольклор, шешендік сөздер, тарих, дін т.б.) кіреді және бәрі де сөзден тұрады. Сөз қазақ халқының мәдениетін көрсетеді. Демек, Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасы арқылы түркі-қазақ халқының мінез-құлқын, әдет-ғұрпын т.б. танимыз. Сол арқылы, әлемнің тілдік бейнесі айқындалады. Шешендік сөздерге асқан дарын тілге жүйірік дара тұлға ғана қатысқан. Не болмаса, бұрыннан тілге жүйірік, сөз білетін адамның да бейнесін көреміз. Шешендік сөздер адамдарды (халықты) мәдениетін танудың басты жиынтығы, сақталған «сөздік қоры» қазынасы.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Раев, Д.** Қазақ шешендігі философиясы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қарасай, 2011. – 184–185 б.

2 **Рүстемов, Л. З.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. –Алма-Ата : Мектеп, 1989. –128–130 б.

3 **Раев, Д.** Қазақ шешендігі философиясы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қарасай, 2011. – 191 б.

4 **Нұрдаулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика: оқу құралы [Мәтін] – Алматы : ЖШС РПБК Дәуір 2011. – 151 б.

5 **Нұрдаулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика: оқу құралы [Мәтін] – Алматы : ЖШС РПБК Дәуір 201. – 305 б.



- 6 **Уәлиханов Ш.** Таңдамалы. [Мәтін] – Алматы : Жазушы, 1985. – 119 б.
- 7 **Құрбанғали Халид.** Тауарих хамса (бес тарих) [Мәтін] – Алматы : Қазақстан, 1992. – 87 б.
- 8 **Тер-Минасова С. Г.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін] – Алматы : Ұлттық ауларма бюросы, 2018. 169 б.
- 9 **Әлісжан С. Қ.** Ғылыми дискурстың танымдық негіздері. Коммуникативтік-прагматикалық аспект : оқу құралы [Мәтін] – Алматы : CyberSmith, 2018. – 81 б.
- 10 **Мырзаханова М. Н.** Сот психиатриясы: оқулық [Мәтін]. – Алматы : Эпиграф, 2017. – 61 б.

### References

- 1 **Raev, D.** Qazaq şeşendigi filosofiyası: oqw quralı [Philosophy of Kazakh oratory: textbook] [Text]. – Almatı : Qarasay, 2011. – 184–185 p.
- 2 **Rüstemov, L. Z.** Kazaxsko-rwsskiy tolkoviy slovar arabsko-iranskix zaymstvovannnix slov. [Kazakh-Russian dictionary of Arabic-Iranian borrowed words]. – Alma-Ata : Mektep, 1989. – 128–130 p.
- 3 **Raev, D.** Qazaq şeşendigi filosofiyası: oqw quralı. [Philosophy of Kazakh oratory : textbook] [Text]. – Almatı : Qarasay, 2011. – 191 p.
- 4 **Nurdawletova, B. İ.** Kognitivtik lingvistiká: oqw quralı [Cognitive linguistics: textbook] [Text]. – Almatı : JŞS RPBK Däwir 2011. – 151 p.
- 5 **Nurdawletova, B. İ.** Kognitivtik lingvistiká : oqw quralı [Cognitive Linguistics : textbook] [Text]. – Almatı : JŞS RPBK Däwir 2011. – 305 p.
- 6 **Wälixanov Ş.** Tañdamalı [Selected] [Text]. – Almatı : Jazwşı, 1985. – 119 p.
- 7 **Qurbanğalı Xalid.** Tawarix xamsa (bes tarix) [Coodles Hamsa (five histories)] [Text]. – Almatı : Qazaqstan, 1992. – 87 p.
- 8 **Ter-Minasova S. G.** Til jáne mädenietaralıq kommwnikaciya [Language and intercultural communication] [Text]. – Almatı : Ultıq awlarma byuroı, 2018. – 169 p.
- 9 **Älisjan S. Q.** Ğılımı diskwrstıñ tanımdıq negizderi. Kommwnativtik-pragmatikalıq aspekt: oqw quralı [Cognitive bases of the scientific discourse. Communicative-pragmatic aspect: a textbook] [Text]. – Almatı : CyberSmith, 2018. – 81 p.
- 10 **Mırzaxanova M. N.** Sot psixiatriyası: oqwlıq. [Court psychiatry : textbook] [Text]. – Almatı : Épigraf, 2017. – 61 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

\*Ш. Ж. Трушева<sup>1</sup>, А. К. Трушев<sup>2</sup>, А. А. Трушев<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

## ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА МАШХУР-ЖУСУПА

*Мировой языковой образ Маихур-Жусупа еще не полностью раскрыт. Следовательно антропологическое изучение творчества поэта – задача обязательная. Философы – Гегель, Фейрбах, Гулыга и др. философски подходили к антропоцентрическим (антропоактуальным) проблемам. Личность Маихур-Жусупа раскрывается только путем тщательного изучения его национального самосознания. Для этого связь «общество – природа – человек» осуществляется в том числе через взаимоотношение людей, познание внешней среды, через язык общения. Ученые отмечают, что национальный характер – это не набор специфических для конкретной нации характеров, а своеобразный универсальный набор характеристик человечества в целом. В некоторых случаях отмечается, что языковая картина мира также может быть раскрыта через личность. В этой связи, через собрание сочинений Маихур-Жусупа в 20 томах можно узнать общетюркскую, восточную, русско-европейскую культурно-духовную связь. Тем самым открывается путь и к духовной культуре мира. Неспроста Аль-Фараби рассматривал ораторское искусство через призму философии. Ораторское искусство, риторическое искусство в произведениях Маихур-Жусупа – это национальный код, письменный текст с устного текста, дошедшего из незапамятных времен Великой Степи. Например, язык жестов, подсказка, диалогическая речь, степная судебная лингвистика, слово - загадка, прения, просить слово, лексика высказывания претензии правителю могут четко отразить национальную черту, суть казахов.*

*Ключевые слова: антропология, поведение, искусство слова, личность, национальная культура, язык жестов, дискурс, жалобщик, истец.*

\*Sh. J. Trusheva<sup>1</sup>, A. K. Trushev<sup>2</sup>, A. A. Trushev<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 11.03.22.

## MASHUR-ZHUSIP WORLD LANGUAGE MAPPING

*The world language image of Mashur-Zhusip has not yet been fully revealed. Consequently the anthropological study of the poet's work is a mandatory task. Philosophers – Hegel, Feirbach, Gulyga, and others approached anthropocentric (anthropoactual) problems philosophically. The personality of Mashur- Zhusip is revealed only through a detailed study of his national identity. For this purpose, the connection between society – nature – man is carried out through the relationship of people, knowledge of the external environment and the language of communication. Scientists note that the national character is not a set of characters specific to a particular nation, but a kind of universal set of characters of humanity as a whole. In some cases, it is noted that the linguistic picture of the world can also be revealed through the personality. In this regard, through the collected works of Mashur-Zhusip in 20 volumes, you can learn the general Turkic, Eastern, Russian-European cultural and spiritual connection. Thus it opens the way to the spiritual culture of the world. It was not for nothing that Al-Farabi considered oratory through the prism of philosophy. Oratory, rhetorical art in the works of Mashur-Zhusip is a national code, a written text from an oral text that has come down from the immemorial times of the Great Steppe. For example, sign language, hint, dialogic speech, steppe judicial linguistics, the word riddle, debate, ask for a word, vocabulary statements of claims to the ruler can clearly reflect the national trait, the essence of the Kazakhs.*

*Keywords: anthropology, behavior, the art of speech, personality, national culture, sign language, discourse, plaintiff.*

Теруге 11.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,76 МБ RAM

Шартты баспа табағы 14,27. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3880

Сдано в набор 11.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2022 г.

Электронное издание

2,76 МБ RAM

Усл. печ. л. 14,27. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3880

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)